



МЕНИҢ ТАҢДАУЫМ – КОЛЛЕДЖ!



МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНЕ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАН ТАБЫСТЫ
МАНСАП ҚҰРУҒА ДЕЙІНГІ КЕҢЕСТЕР

Мен мектепті бітірген соң немен
айналысам:
универге не колледжге түссем бе, әлде
жұмысқа шығайын ба?

Мектепті бітіргеннен кейін ересек өмірге қалай қадам басарыңды білмей жүрсің бе? Теориямен шектелмей, практикалық дағдыларыңды дамытып, мол тәжірибе жинап, еңбек нарығында басқалардан бір қадам алда болғың келе ме?

КОЛЛЕДЖДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ:



Максимум тәжірибе, минимум жалықтыратын теориялар мен конспектілер



Кәсіби біліктілігіңді басқа жолды таңдаған құрдастарыңнан жылдамырақ шыңдау



Шынайы драйв: мастер-класстар, форумдар, хакатондар мен бизнес-жобалар – ең белсенді және креативті орта



Озық технологияларды меңгеріп, сұранысқа ие маман атану мүмкіндігі



Колледжден соң оқуды жалғастырғың келсе — қысқартылған бағдарламамен жоғары оқу орнына түсуге болады

КОЛЛЕДЖДІ ТАҢДАП, МАНСАБЫҢА СЕҢІМДІ ҚАДАМ БАС!

Колледжде шынымен де
мүмкіндіктер көп пе ?



Колледж – табыс тауып, кәсіби шеберлігіңді шыңдаудың тамаша мүмкіндігі. Кәсіби мансабыңа сенімді қадам басқың келсе – колледжі таңда!



Оқу барысында түрлі жобаларға қатысып, заманауи құрал-жабдықтарды шебер қолдануды меңгер



Практика барысында табыс тауып, мол тәжірибе жина



Ең озық және заманауи мамандықтарды игер: IT, жасыл энергетика, робототехника, дрон операторы



Оқу барысында мансабыңды шыңдап, кәсіби белестерді бағындыр



Қажетті дағдыларды меңгеріп, мол тәжірибе жинақтап, өз бизнесіңді сенімді түрде баста



КОЛЛЕДЖ – БИІК ШЫҢДАРДЫ БАҒЫНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ КІЛТІ!



Жұмысшы мамандықтары бүгін
трендте ме ?



Жұмысшы мамандықтар - бұл заманауи технологиялар, жақсы еңбекақы және ертеңгі күнге деген сенімділік



БІЛІКТІ ЖҰМЫСШЫЛАР 500 МЫҢ ТЕҢГЕ ЖӘНЕ ОДАН ДА ЖОҒАРЫ ЕҢБЕКАҚЫ АЛАДЫ



ЖҰМЫС ӘРҚАШАН ТАБЫЛАДЫ: СЕРВИСТЕН ИНДУСТРИАЛДЫ, ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА ДЕЙІН



БІЛІКТІ МАМАНДАР ҚАЗАҚСТАНДА ДА, ШЕТЕЛДЕ ДЕ ҮЛКЕН СҰРАНЫСҚА ИЕ



ЖАС МАМАННАН КОМПАНИЯ БАСШЫСЫ ДЕҢГЕЙІНЕ ДЕЙІН ӨСУ МҮМКІНДІГІ



TALAP.EDU.KZ

Ал менің дипломым
халықаралық деңгейде
мойынгалады ма ? Халықаралық
сертификат ала аламын ба ?



Колледж – бұл Қазақстанмен ғана шектеліп қоймай, әлемдік деңгейде кең мүмкіндіктерге жол ашатын алтын көпір



КОЛЛЕДЖ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА САЙ



СЕРТИФИКАТТАУДАН ӨТУ - БІЛІКТІЛІКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ МОЙЫНДАЛУЫНЫҢ КЕПІЛІ



МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ДИПЛОМ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРТИФИКАТТАР ТҮЙІНДЕМЕҢДІ НЫҒАЙТАДЫ



ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАРДА ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУ МЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ АЛМАСУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІҢДІ ЖЕТІЛДІРІП, ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРДІҢ ЕСІГІН АШАДЫ



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОЛЛЕДЖ БЕН ШЕТЕЛДІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚОС ДИПЛОМ БАҒДАРЛАМАСЫ ӘЛЕМНІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕГІ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР АЛДЫНДА КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІҢДІ РАСТАЙДЫ

Өз өңірімде қандай колледждер бар,
қандай мамандықтар ұсынады - қайдан
білсем болады ?

Қазақстанда 230 мамандық бойынша
студенттерді дайындайтын 700-ден
астам колледж бар



КОЛЛЕДЖДЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ АЛҒЫҢ КЕЛСЕ:



map.talap.edu.kz - бұл «TALAP» КЕАҚ-ның ТжКБ картасы (колледждер мен мамандықтар туралы ақпараттар көзі)



Колледждердің веб-сайттары – мамандықтар мен қабылдау талаптары жөнінде толық ақпарат беретін сенімді ресурс



Колледждің әлеуметтік желілері – студенттермен тікелей байланыс орнатып, олардың пікірлерін тыңдап, колледж өмірінің барлық қызықты сәттерін бөлісетін тамаша алаң



EGov – кейбір құжаттарды онлайн тапсырып, сондай-ақ анықтамалық ақпаратты оңай табуға болатын портал

**ӘРТҮРЛІ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНЫП, МАМАНДЫҚТАРДЫ МҰҚИЯТ
САЛЫСТЫРЫП, ШЫН НИЕТПЕН ОҚЫҒЫҢ КЕЛЕТІН КОЛЛЕДЖДІ ТАҢДА!**

Колледжде шынымен
тегін оқуға болады ма ?



Әрине! Қазақстанда тегін техникалық және кәсіптік білім алуға мүмкіндік беретін мемлекеттік білім беру гранттары бар. Бұл мүмкіндік барлық мектеп түлектеріне қолжетімді

Тегін білім алуға
мүмкіндік беретін
тағы қандай
жеңілдіктер бар ?

ҚАЗАҚСТАНДА ТЕГІН БІЛІМ АЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕРДІ КЕЛЕСІ АЗАМАТТАР ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ:

- Ауыл жастары арасынан шыққан түлектер
- Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар
- Әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген ҚР азаматтары
- Халықтың әлеуметтік осал топтары: көпбалалы немесе толық емес отбасы; жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, I және II топ мүгедектері



**КОЛЛЕДЖ – ТЕГІН БІЛІМ АЛЫП, КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРЫҢДЫ ШЫҢДАУҒА
МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ТАМАША АЛАҢ!**

МАҒАН РОБОТЕХНИКА, IT-ДА ҰНАЙДЫ, ТІПТІ МАРКЕТИНГКЕ ДЕ ҚЫЗЫҒАМЫН. ҚАЙСЫ МАМАНДЫҚ МАҒАН ЖАҚЫН ЕКЕНІН ҚАЛАЙ БІЛЕМІН ?



Өзіңнің бағытыңды табу үшін сұрақ қоюдан қысылма! Көптеген пікірлерді тыңдап, түрлі ресурстарды зерделеп көр, сонда өз жолыңды табу жеңілдейді



Бәрін өз көзіңмен көргің келсе - колледждердің ашық есік күндеріне бар



Мектептегі кәсіби бағдарлау іс-шараларына қатысып, сарапшылармен сөйлесіп көр


ОНЛАЙН ТЕСТТЕРДЕН ӨТІП, БАҒЫТЫҢДЫ АНЫҚТА

- profonetest.kz
- test.skillbox.kz/personal
- enbek.kz/ru/barret
- geekbrains.kz/proftest-it/%20
- profguide.io/test/category/proforient

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІМЕН БАЙЛАНЫС
ОРНАТЫП, ОЛАРДАН ТІКЕЛЕЙ СҰРАП КӨР!

КОЛЛЕДЖ – БИІК ШЫҢДАРҒА ҚАДАМ БАСУДЫҢ ТАМАША МҮМКІНДІГІ, БҮГІННЕН БАСТАП ҚАМДАН!

- Тегім білім және стипендия
- Сұранысқа ие кәсіби дағдылар
- Озық және жоғары технологияларды меңгеру
- Оқып жүріп ақша тауып, мансабыңды шыңдау
- Халықаралық қос диплом бағдарламаларына және шетелдегі тағылымдамаларға қатысу
- Біліктілікті растайтын халықаралық сертификаттар
- Өз кәсібіңді бастау



TALAP.EDU.KZ





ӘЗІРЛЕГЕН «TALAP» КеАҚ

Президент Санжар Татибековтың жетекшілігімен

Нигметжанова Марал

Шокубасова Айжан

Боженев Аскар

Есімбек Иманғали

•

ТЖҚБ жүйесінің қызметін зерттеу және мониторингілеу басқармасы

2025 жыл